

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Дайындаған: 6 «б» сынып
жетекшісі Садықова Г.Ә.



МАҚСАТЫ:

«Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету.



Отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс-тіршілік әкеледі.

«Үйлену оңай, үй болу қиын» дейді халық мақалы.

Отбасының іргетасы ер азамат пен әйел адамның ақ неке қиып, отау тігуінен құралады. Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі - бала.

Баланың тәрбиелі, жан-жақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы зор. Отбасы ата мен баланың, келін мен ененің және басқа отбасы мүшелерінің жылы қарым-қатынасынан құралады.

Отбасы берекелі, тату болу үшін сыйластық, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық қасиеттер әр адамның жүрегінен орын алуы керек. Отбасындағы өзара қарым-қатынас сыйластыққа, құрметке, қайырымдылыққа құрылуы тиіс.



LOVE Forever

Балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру- ата-ананың ең маңызды міндеті.

«Отан оттан басталады» дейді халқымыз. Елдің, ұлттың, жалпыадамзаттың болашағы, даму деңгейі отбасынан басталады.

Отбасы діңгегі –бала, ұрпақ өсіру, оның тәрбиесі.

Отбасылық өнеге махаббатта, сыйластықта, береке мен бірлікте. Елдің, ұлттың болашағы әр отбасында шешіледі.

**«Үлкен алдында жас қарызы, ата алдында
бала қарызы - әдеп пен сый»**

Мұхтар Әуезов

**Отбасының өнегесі – Отан
өнегесі**

**«Ұлт болам десеңіз, бесігіңді
түзе»**

**«Бала тәрбиесі –
бесіктен»**

**Шаңырақ сәні –
сыйластық
(Халық мақалы)**



Отбасы
мүшелерінің бір-
біріне деген
сүйіспеншілігі

Отбасы
мүшелерінің бір-
біріне деген
мейірімділігі

Туыскандық,
бірлік
Ұғымдарын
тудырушы

Кішкене бір
мемлекеттік
орта

Барлық
ағайынды
жақындастырушы

Ұрпақ пен
ұрпақты
табыстырушы

Ұрпақ
өрбітуші ерекше
ұя

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒ Ы

«Отбасылық құндылық» ағашы

Мықты денсаулық

Ағайындарына, достарына ашық есік

Ауызбіршілік

Ортақ қызығушылық

Бір - біріңіздің жұмысына араласпау

Қамқорлық

Тәртіп

Бос уақытыңызды бірге өткізу

Сенімділік

. Ата - ананың сөзі заң

. Ата - ана отбасының үлгісі

. Элеуметтік жағдай

. Отбасылық қарым – қатынас

. Махаббат

. Мейірімділік

. Шынайылық

. Сырт көзге үлгі болу

. Береке

. Үлкенге - ізет, кішіге – құрмет

Көп бала



«Сыңарын тап» ойыны

- Балалы үй базар,.....
- Ана сөзін тыңдамаған қыздан без,
- Әке көрген оқ жонар,.....
- Ата-ананың қадірін,.....
- Қыз өссе,елдің көркі. ,.....
- Ананың көңілі балада,
- Ұяда не көрсең ,
- Ананың сүті – бал,
- Туған үйдің түтіні жылы,
- Анаңа ауыр сөз айтпа,
- Бала – бақшадағы гүлің,.....
- Құс балапаныүшін,.....
- Ана сүтін ақтамағанды ,.....
- Әдепті бала ата-анасын мақтатар ,.....
- Қарағайға қарап тал өсер
- Ананың көңілі балада,